

**Мектеп алды даярлық «б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Калдыралина А.А.

Сынып жетекшісі: Махмұт М.М.

**Білім беру ұйымы: М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ**

**Балалардың жасы: 5-6 жас**

**Жоспардың құрылу кезеңі: 09-13 қаңтар, 2022-2023 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.01.2023	Сейсенбі 10.01.2023	Сәрсенбі 11.01.2023	Бейсенбі 12.01.2023	Жұма 13.01.2023
<b>Балаларды қабылдау</b>	<i>Балаларды қабылдау: балаларды жақсы көтеріңкі қоңыл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі қоңыл-күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау (сөйлеуді дамыту коммуникативті іс-әрекеті)</i>				
<b>Балалардың дербес әрекеті (бағу қимылды ойындар, үстел-үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</b>	Балаларды қабылдау Қалай демалғандарын сұрау. Тазалықтарын тексеру. Еңбек тапсырмасы: Ойыншықтарды жуу, сөреге жинау.	Ойын: «Ғажайып қоржын». Ойынның шарты бойынша көздеріңді жұмып қоржыннан кез-келген ойыншықты аламыңдар. Алған ойыншықтарыңның атын, неден жасалғанын, түсін, қатты, жұмсақ екенін айтып, жақсы мейірімді тілек білдіресіңдер. Еңбек тапсырмасы: Гүлдерге су құю, түбін қоныту.	Кітаптар күтімі жайлы әңгімелесу, жұмбақтар шешу. Еңбек тапсырмасы: Үстелдерді дұрыстап қою. «Қандай ойыншық жоқ?» Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту. Балаларды жылудық шеңберіне жинау.	Үстел мен орындықтар туралы әңгімелесу. Не себепті қажет? Оларға қандай күтім жасау керек екенін білу. Шаттық шеңберіне шақыру.	Фотосуреттер қарас «Менің қолыммен жасалған суреттер» Фотосуретте бейнеленген ойыншықтарды атап беру. Еңбек тапсырмасы: Топты жинастыру, сөрелер, шаңдарын сүрту.
<b>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</b>	Ата-аналармен әңгіме:	Ата-аналармен әңгіме: Оқушыларды ұйымдастырылған іс-	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тамақ ішу әдебин қалыптастыру.	Ата-аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»

<p><b>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Қ.о:</b> «Допты қағып ал»  <b>Ойынның шарты:</b>  Балалар сапқа тұрып, допты жоғары көтеріп бір-біріне тасымалдайды. Соңғы тұрған оқушы кері қарай береді. Тағы солай қайталанады.  <b>(Физикалық қасиетті қалыптастыру дағдылары)</b>  <b>Сөйлеуді дамыту</b>  <b>С.Р.О «Дүкенші»</b>  <b>Ойынның шарты:</b>  Оқушылар ролге бөлініп ойнайды. Яғни сатушы, сатып алушы болып бөлінеді. Дүкен сөрелерін қажетті ойыншықтар арқылы жабдықтайды. Қолданылатын сөздер:  -қанша?  -нешеу?  -сатып алғаныңыз үшін рахмет!</p>	<p><b>Математика негіздері</b>  <b>Д.о:</b> «Дәл осындай пішінді тап»  <b>Ойынға қажетті құрал-жабдықтар:</b> бала саны бойынша құлыптардың суреттері, қиылған және қиылмаған геометриялық пішіндер.  <b>Ойынның мазмұны:</b>  алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Ол пішіндерді 8-10 бөлікке бөлінген қима қағаздар арқылы құрастыру керектігін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.  <b>Көркем әдебиет «Қыс» өлеңін жаттау.</b>  Аппақ күміс бар әлем, Зымыраймыз шанамен, Тоғайлар тон киеді, Аяз беттен сүйеді. Жиналып ап бар бала, Тұрғызамыз аққала.  <i>Н.Аманжолова</i></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Қ.О:</b> «Ұшты-ұшты»  <b>Ойынның мақсаты:</b>  Аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту, қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.  <b>Ойынның шарты:</b>  балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалр қолдарын көтереді, ұшты-ұшты орындық ұшты дегенде отыра қалады.  Тағы басқа сөздерді айту арқылы қимыл-қозғалыс жасайды.  <b>Физикалық қасиетті қалыптастыру дағдылары.</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b>  <b>Д.о «Неше сөз бар?»</b>  <b>Ойынның шарты:</b>  балаларға қима суреттер беріледі. Балалар өз қалаулары бойынша таңдайды, сол суреттегі сөзге байланысты сөйлем құрайды. Сөйлемде қанша сөз бар екенін табады. Сөздерді буынға бөледі. Балаларды кезектесіп тыңдау ұсынылады.</p>	<p><b>Көркем әдебиет «Қыс» өлеңін жаттау.</b>  Аппақ күміс бар әлем, Зымыраймыз шанамен, Тоғайлар тон киеді, Аяз беттен сүйеді. Жиналып ап бар бала, Тұрғызамыз аққала.  <i>Н.Аманжолова</i>  Өлеңді жатқа айтып, дағдыландыру.  <b>коммуникативтік іс – әрекет</b>  <b>Сауат ашу негіздері</b>  Әліппе-дәптермен жұмыс  Дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру.  Суреттерді дыбысталуына орай қызыл және көк сандықтармен байланыстыру.  Дыбыстық талдау    Суреттерді штрихта. Үзік сызықтарды бастыру.  <b>Қоршаған ортамен таныстыру</b>  Кел, балалар келіңдер, дөңгелене тұрайық, Шаттық шеңбер құрайық.</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  <b>Қ.О:</b> «Ұшты-ұшты»  <b>Ойынның мақсаты:</b>  Аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту, қимыл-қозғалыстарын жетілдіру.  <b>Ойынның шарты:</b>  балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалр қолдарын көтереді, ұшты-ұшты орындық ұшты дегенде отыра қалады.  Тағы басқа сөздерді айту арқылы қимыл-қозғалыс жасайды.  <b>Физикалық қасиетті қалыптастыру дағдылары.</b>    <b>Математика негіздері</b>  Әліппе-дәптермен жұмыс  Суретпен жұмыс  «Артық, кем, тең»  Заттарды жұбымен қос  «Қолшатыр, күрте, бас киім, қолғап»  «Сәйкестендір» ойыны  Өзін-өзі бағалау.  <b>танымдық-зияткерлік дағдылар</b>  <b>Қазақ тілі</b>  <b>Балалармен бірге қайталау.</b>  Өнерім қол ұшында,</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>Балалар кезектесіп ролдерін ауыстырып ойнайды.</p> <p><b>Жеке жұмыс</b></p> <p><b>Т.Т</b></p> <p><b>Суретпен жұмыс ойын, қарым-қатынас, коммуникативтік іс – әрекет.</b></p> <p><b>Сауат ашу негіздері</b></p> <p><b>Д.о «Неше сөз бар?»</b></p> <p><b>Ойынның шарты:</b> балаларға қима суреттер беріледі. Балалар өз қалаулары бойынша таңдайды, сол суреттегі сөзге байланысты сөйлем құрайды. Сөйлемде қанша сөз бар екенін табады. Сөздерді буынға бөледі. Балаларды кезектесіп тыңдау ұсынылады.</p> <p><b>Қоршаған ортамен таныстыру</b></p> <p><b>Тәжірибе жасау</b></p> <p>Ыдыстағы құмды ұлғайтқыш әйнекепен қарау. Ұсақ бір-біріне жабыспайды.</p>	<p><b>(коммуникативтік іс – әрекет).</b></p> <p><b>Қазақ тілі</b></p> <p><b>Балалармен бірге қайталау.</b></p> <p>Өнерім қол ұшында, Боламын мен тігінші Тігіншінің ішінде, Бас бармақтай бірінші.</p> <p><b>Д.О «Киім үлгілері кімге арналған?»</b></p> <p><b>Тәрбиеші:</b> балалар әр мамандық өздеріне сай киім киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Балалар аспазшы не киеді?</p> <p><b>Балалар:</b> - алжапқыш, басқа аспазшыға арналған қалпақ киеді. -балалар тігіншілер не істейді? -Киім тігеді.</p> <p>Диалогты жалғастыру.</p> <p><b>Жеке жұмыс</b></p> <p><b>М.Ж «Боямақ бояу»</b></p> <p><b>Сурет салу, мүсіндеу, аппликация, құрастыру.</b></p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Мнемокестемен жұмыс.</p>	<p><b>қарым-қатынас , коммуникативтік іс – әрекет.</b></p> <p><b>Математика негіздері</b></p> <p><b>Әліппе-дәптермен жұмыс</b></p> <p>Қима қағаздарды құрастыру.</p> <p>Нәтижесінде шаршы пішіні шығу.</p> <p>Тәрбиешінің көмегімен апельсинді пышақпен бөліктерге бөлу. Қандай бөлікті көріп тұрғандарын сұрау. Дәл осылай алманың сурет түрін көрсету. Бүтін мен бөлікті ажыратуға үйрету.</p> <p>Қима қағаздар арқылы бөліштің бөліктерін құрастыру.</p> <p>Бүтінді бөліктерге бөліп оларды әліппе-дәптерге жабыстыру.</p> <p><b>танымдық-зияткерлік дағдылар</b></p> <p><b>Сөйлеуді дамыту</b></p> <p><b>С.р.о «Құрылысшы»</b></p> <p><b>Ойынның мақсаты:</b> балаларды құрылысшының қызметімен таныстыру. Қаншама үйлер, мектеп, балабақш</p>	<p>Табиғат біздің анамыз, Табиғатқа баламыз. Иіліп сәлем береміз, Біз әдепті баламыз. Тірі табиғат-олар өседі, қоректенеді. Тын ыс алады. Тұқым шашады. Оларға адамдар, жан-жануарлар, өсімдіктер, құстар, жемістер, көгөністер, балықтар шашады. Бейнежазба көрсету.</p> <p>Өлі табиғат-қоректенбейді, өспейді, тұқым шашпайды. Оларға су, тас, тау, күн, ай, құм жатады. Сондықтан олар бір-бірімен тығыз байланысты.</p> <p>Сұрақ-жауап</p> <p>Біз қандай табиғатқа жатамыз?</p> <p>Сусыз тіршілік бола ма?</p> <p>Тас көбейіп ксе ме?</p> <p>Сен тағы қандай тірі табиғатты білесің?</p> <p>Балалармен пікір алмасу.</p> <p><b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар.</b></p> <p><b>Музыка</b></p>	<p>Боламын мен тігінші Тігіншінің ішінде, Бас бармақтай бірінші.</p> <p><b>Д.О «Киім үлгілері кімге арналған?»</b></p> <p><b>Тәрбиеші:</b> балалар әр мамандық өздеріне сай киім киеді. Суреттегі киім үлгісі кімге лайықты екенін табыңдар. Балалар өздері ойлап, белгілей бастайды, сызады. Балалар аспазшы не киеді?</p> <p><b>Балалар:</b> - алжапқыш, басқа аспазшыға арналған қалпақ киеді. -балалар тігіншілер не істейді? -Киім тігеді.</p> <p>Диалогты жалғастыру.</p> <p><b>Музыка</b></p> <p>Балалармен қазақ билерінің элементтерін қайталау.</p> <p>«Ұялу»-екі алақанымызды сыртқа қаратып, сұқ саусақтарымыздың қырларын қосып, шынтақтарымызды бір сызықта ұстап, басымызды оңға және солға қараймыз.</p>
--	--	---	--	--	--

	<p>Ыдыстағы құмның жел тұрғанда ұшуы. Сок ішуге арналған түтікшемен құмды үрлеу, жеңіл, жел тұрса ұшады. Ыдыстағы құмға су құю. Ыдыстағы құмға су құйса балшыққа айналады. Тасты бақылау. Су құйса да жылтырап жата береді, түрі түсі де өзгермейді, майдаланып балшыққа айналмайды, жел үрлесе де қозғалмайды. Ауыр зат.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> «Құм, тас, су» «Құм» дегенде әр жерде шашыраңқы болып тұру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «Су» дегенде толқын жасап қозғалу. Тақпақ жаттау. Таза болса табиғат Аман болар адамзат.</p>	<p>«Қыс» мезгілі Сұрақ-жауап -Жылдың қай мезгілі? -Қыс айларын ата? -Қыста қандай ойындар ойнауға болады? -Қыс мезгілі несімен ұнайды? -Аққала неше бөліктен тұрады? Олай болса аққаланың суретін салып, мүсіндеп, құрастырып, жапсырып жасап көрейік. Белсенді болған оқушыларға тәттілер таратылады.</p>	<p>аны құрылысшылар салатынын түсіндіру. <b>Ойын барысы:</b> Құрастырғыштар арқылы топтасып балалар бір-біріне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. <b>ойын, коммуникативтік іс –әрекет).</b> <b>Жеке жұмыс</b> <b>С.Д</b> <b>Мозайка құрастыру.</b> <b>«Құрылысшы»</b></p>	<p>Балалармен қазақ билерінің элементтерін қайталау.</p> <p>«Ұялу»-екі алақанымызды сыртқа қаратып, сұқ саусақтарымыздың қырларын қосып, шынтақтарымызды бір сызықта ұстап, басымызды оңға және солға қараймыз.</p> <p>«Ат шабысы»- кішкентай секіру, бір аяқтан екінші аяққа тіземізді 90 градусқа көтеру арқылы секіру.</p> <p>«Қара жорға» биінің элементтерін жасап үйрету.</p>	<p>«Ат шабысы»- кішкентай секіру, бір аяқтан екінші аяққа тіземізді 90 градусқа көтеру арқылы секіру.</p> <p>«Қара жорға» биінің элементтерін жасап үйрету.</p>
--	--	--	---	---	---

	<b>Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар.</b>				
<b>Серуенге дайындық Серуен</b>	Қыс мезгіліне қатысты киімдерді атау, оларды реттілікпен киіну. Даладағы қауіпсіздік ережелерін сақтау.				
<b>Серуен кезіндегі іс-қимыл әрекет</b>	Қ.о «Аққала жасаймыз» Балалар сапқа тұрып екі топқа бөлініп аққала жасап жарысып ойнайды.	Шанамен сырғанап ойнау. Балалар бір-бірін тасымалдайды. Сырғанақтан қызықты ойындар ойнайды.	Ауа-райын бақылау. Қарды қолғап киген қолдарымен ұстап, бақылап көру. Ауладағы қар тазалаушысының еңбегін бақылау. Көмектесу.	Қ.о «Біз көңілді балалар» Музыка қосылып таза ауада сергіту сәттерін жасау. Тәрбиешінің нұсқаулығы бойынша.	Ауа-райын бақылау. Мұзды қолғап киген қолдарымен ұстап, бақылап көру.
<b>Серуеннен оралу</b>	Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, тіл ұстарту жаттығулары, санамақтар қайталау т.б. ( <b>көркем әдебиет, ойын әрекеті, еңбек қызметі</b> )				
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	Шамшатқызы Нұрайшамен буындар арқылы жұмыс жасау.	Таңжарықов Темірланмен артикуляциялық жаттығулар жасау.	Әмітжан Әлимен суретпен жұмыс.	Серікова Томириспен буындар арқылы сөз құрау.	Бауыржанқызы Мадинамен қарапайым есептер шығару.
<b>Балалардың үйге қайтуы</b>	Оқушыларда суретпен жұмысты жетілдіру. Коммуникативтік тілдік-дағдыларын қалыптастыру.			Қалың киімдерін киіп, қолғаптарының болуын ата-аналарға ескерту.	